

«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі»
акционерлік қоғамы басқармасының
2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 120 хаттамасына
№ 11 қосымша

«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі»
акционерлік қоғамы Басқармасының
2024 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен
(№120 хаттама) бекітілді

**«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік
қоғамының Парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі**

Күні: 06.12.2024 12:56:04. ЭҚЖ нұсқасы: SimBASE4. ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Астана қ. 2024 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі
ІНҚ иесі	Халықаралық ынтымақтастық департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Құрылымдық бөлімшелерді ІНҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискіге ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату

Күні: 06.12.2024 12:56:04. ЭҚЖ нұсқасы: SimBASE4. ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Әдістеменің мақсаттары мен міндеттері	5
3-тарау. Әдістеменің ұйымдастырушылық шекаралары	5
4-тарау. ПГ тікелей шығарындылары (SCOPE 1)	6
5-тарау. ПГ жанама энергетикалық шығарындылары (SCOPE 2)	7
6-тарау. SCOPE 3 шығарындылары	8
7-тарау. Қорытынды ережелер	9
1 қосымша	10
2-қосымша	11
3 қосымша	13

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) шығаратын парниктік газдар шығарындыларының есебін регламенттейді.

2. Әдістеменің мақсаты Қоғам қызметінен туындайтын парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдісі мен тәртібін (Score 1, 2, 3) анықтау, Қоғамның парниктік газдар шығарындыларын санмен бағалау әдісін сипаттау, есептеу шекаралары болып табылады.

3. Осы Әдістеме мынаған сәйкес әзірленді:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасы;

2) Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы;

3) Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелер;

4) Greenhouse Gas Protocol парниктік газдар шығарындыларын есепке алуға арналған халықаралық стандарт (бұдан әрі - GHG Protocol, Хаттама);

5) ҚР СТ ISO 14064-1:2019 (ISO 14064-1:2018) «Парниктік газдар. Ұйым деңгейіндегі парниктік газдар шығарындылары мен сіңіру/жою туралы сан және есеп беру талаптары мен нұсқаулары» халықаралық стандарты;

6) Үкіметаралық сарапшылар тобының (МГЭИК, ағылш. Intergovernmental Panel on Climate Change, IPCC) тиімді тәжірибе бойынша климаттың өзгеруі жөніндегі жетекші қағидаттары және ұлттық кадастрлардағы парниктік газдардың белгісіздік факторларын есепке алу.

4. Бұл Әдістемеді келесі негізгі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Парниктік газдар (ПГ) – бұл күн сәулесінің өтуіне мүмкіндік беретін, бірақ жер бетінен шыққан инфрақызыл сәулеленуді ұстап қалатын, беріктігі жоғары заттар. Газдар Киото хаттамасында тізімделген: көмірқышқыл газы (CO₂); метан (CH₄); азот тотығы (N₂O); гидрофторкөміртектер (ГФК); перфторкөміртектер (ПФК); күкірт гексафториді (SF₆); және азот трифториді (NF₃);

2) Ғаламдық жылыну әлеуеті (бұдан әрі - ГЖӘ) - осы уақыт кезеңіндегі CO₂ бір бірлігіне қатысты осы ПГ бір бірлігінің радиациялық әсерін (атмосфераға зиян дәрежесін) сипаттайтын коэффициент;

3) Көміртегі ізі - адамның, бизнестің немесе мемлекеттің қызметі нәтижесінде бөлінетін ПГ шығарындыларының жиынтығы. ПГ шығарындылары Қоғамның қоршаған ортаға әсерін анықтауға мүмкіндік беретін «Score» деп аталатын қамту салаларына жіктеледі;

4) GHG Protocol (Greenhouse Gas Protocol) – парниктік газдар шығарындыларын есепке алуға арналған салалық нұсқаулықтар мен өзге де құралдар жиынтығы, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын түсінуге, санмен бағалауға және басқаруға мүмкіндік беретін кеңінен қолданылатын халықаралық есепке алу құралы. Хаттаманы әзірлеуді Дүниежүзілік ресурстар институты (WRI) және Дүниежүзілік орнықты даму жөніндегі іскерлік кеңесі (WBCSD) үйлестіреді;

5) Шығарындылар коэффициенті - бұл қызмет деректерін шығарындылар мәндеріне түрлендіретін мән. Жергілікті және мемлекеттік үкіметтік және үкіметаралық мекемелер сияқты әртүрлі ұйымдармен жарияланады;

6) CO₂e - көмірқышқыл газының (CO₂) эквиваленті (е). «Көмірқышқыл газының эквиваленті» бұл көмірқышқыл газының немесе мысалы метан сияқты басқа газдың

шығарындылары болып табылатынына қарамастан, ПГ шығарындыларын есептеудің стандартты бірлігі. Әдістемеде tCO₂e (көмірқышқыл газының тонна эквиваленті) немесе gCO₂e (көмірқышқыл газының грамм эквиваленті) сияқты бірліктер қолданылады.

2-тарау. Әдістеменің мақсаттары мен міндеттері

5. Әдістеменің мақсаттары:

1) климаттың жаһандық өзгеруін митигациялау және бейімдеу бойынша жаһандық күш-жігерге үлес қосу;

2) көміртегі ізін азайту және парниктік газдарды ұлттық түгендеудің жетекші қағидаттары (МГЭИК, 2006), Парниктік газ туралы 2 хаттаманың (GHG Protocol Scope 2 Guidance) қамту аймағын есепке алу әдіснамасы негізінде өз қызметі нәтижесінде пайда болатын парниктік газдар шығарындыларын санмен бағалау;

3) Қоғамның парниктік газдар шығарындылары туралы жыл сайынғы ақпаратты жариялауы.

6. Әдістеменің міндеттері:

1) Қоғам басшылығы мен қызметкерлеріне Қоғамның орнықты дамуы мен көміртегі ізі туралы түсіндіру;

2) Қоғамның экологиялық әсері туралы ақпаратты ашу.

3-тарау. Әдістеменің ұйымдастырушылық шекаралары

7. Әдістеме Қоғамның даму басымдықтары мен қызмет жағдайлары өзгерген кезде, сондай-ақ стандарттарда және шығарындылар коэффициенттерін қайта есептеуде түзетулер болған жағдайда қайта қаралуы, түзетілуі және жетілдірілуі мүмкін.

8. ПГ шығарындыларын есептеу нәтижелері Қоғамның корпоративтік Интернет-ресурсында жыл сайын, есепті жылдан кейінгі бірінші жартыжылдықта осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарияланады.

9. Қоғам сондай-ақ Қоғамның корпоративтік Интернет-ресурсында, сондай-ақ өзге де әлеуметтік желілерде орналастырылатын орнықты даму туралы есепте/жылдық есепте экологиялық әсер туралы ақпаратты жыл сайын ашады. Шығарындылар бойынша есептеулердің алынған нәтижелері Қоғам қызметінен шығарындыларды азайту үшін негіз бола алады.

10. ПГ шығарындыларын бағалау тәсілдемесінде операциялық бақылау тәсілі қолданылды, онда Қоғам операциялық бақылауға ие объектілерден барлық ПГ шығарындыларын ескереді. ПГ шығарындыларын санмен бағалау Қоғамның атқарушы органы және Қоғамның Алматы қаласындағы өкілдігі үшін жүргізіледі.

11. Қоғамның орнықты даму саласындағы қызметінің қағидаттары мен бағыттарын тікелей айқындайтын, Қоғамның құрылымдық бөлімшесі Қоғамның халықаралық ынтымақтастығына жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады.

Қоғам басшылығы үшін қызметтік автокөлікті пайдалану бойынша ПГ шығарындыларын есептеу үшін ақпарат беретін құрылымдық бөлімше Қоғамның операциялық қызметіне жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады.

Сапарлар (иссапарлар) бойынша ПГ шығарындыларын есептеу үшін маршруттар мен қашықтықтар бойынша ақпарат беретін құрылымдық бөлімше, сондай-ақ есепті жылы Қоғам қызметкерлерінің орташа тізімдік саны Қоғамның адами ресурстарын басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады.

Электр тұтыну, энергия тұтыну, су тұтыну туралы ақпарат Қоғамның кеңселері орналасқан ғимараттың иесінен сұралады.

12. Шығарындылардың тікелей және жанама көздерін ажыратуға, ашықтықты арттыруға және ұйымдардың әртүрлі түрлеріне ыңғайлылықты қамтамасыз етуге

көмектесу үшін ПГ есепке алу және есеп беру мақсатында үш Score (қамту саласы) анықталады.

Score 1 бойынша ПГ шығарындылары, Хаттамаға сәйкес, табиғи газ, май, көмір, мазут, дизель отыны, бензин сияқты отынның қазба түрлерінің меншіктегі немесе ұйымның бақылауындағы жабдықта жануынан пайда болатын тікелей шығарындылар болып табылады.

Score 2 бойынша ПГ шығарындылары электр және жылу энергиясын тұтынудан пайда болатын тікелей шығарындылар болып табылады.

Score 3 бойынша ПГ шығарындылары ұйымнан тыс жерде болатын, бірақ оның қызметіне байланысты шығарындыларды білдіреді. Score 3 15 санатты қамтиды.

Осы Әдістемеге 2-қосымшада санаттар бойынша бөлінген GHG Protocol сәйкес шығарындылардың барлық түрлері келтірілген.

4-тарау. ПГ тікелей шығарындылары (SCOPE 1)

13. Score 1 ПГ шығарындыларын бағалау Қоғам қызметі шеңберінде жүргізіледі.

Қоғам өз қызметінің ерекшелігіне байланысты жылыту, электр энергиясын өндіру және көлік үшін отын жақпайды, өнеркәсіптік процестерден ұшпа шығарындылар шығармайды, сұйытылған табиғи газды (СТГ) шығармайды және жақпайды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметінен N₂O шығарындыларын шығармайды.

Сонымен қатар, Қоғам орналасқан «Бәйтерек» бизнес-орталығының (бұдан әрі – «Бәйтерек» БО) ғимараты «Қазақстандық тұрғын-үй компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚЖК» АҚ) басқаруында орналасқан. «Бәйтерек» БО ғимаратында дизель-генератор қондырғысы бар, оның шығарындылары «ҚЖК» АҚ-тың Score 1 есебінде ескеріледі.

14. Қоғам басшылығының іскерлік сапарларынан шығарындыларды есептеу формулалары (жалға алынған автокөлік).

Бұл сапарлар GHG Protocol Score 3 Guidance нұсқаулығының «Upstream leased assets» 8 Category санатына жатады. Алайда, бұл Әдістемеді жалға алынған автокөліктің шығарындылары Score 1-де көрсетіледі, себебі Қоғам басшылыққа қызмет көрсету үшін автокөліктің маршруттары мен жүру кестесін бақылайды.

15. Осы санатты есептеу үшін Хаттамада мынадай әдістер көзделген:

1) іскерлік іссапар кезінде тұтынылатын отын мөлшерін анықтауды (яғни, 1 және 2 қолдану аясындағы көлік компанияларының шығарындыларын) және отынның осы түріне сәйкес шығарындылар коэффициентін қолдануды қамтитын отынға негізделген әдіс;

2) қашықтыққа негізделген әдіс қашықтықты және іскерлік іссапар режимін анықтауды, содан кейін пайдаланылатын режим үшін тиісті шығарындылар коэффициентін қолдануды қамтиды;

3) іскерлік сапарларға арналған көліктің әр түріне жұмсалған ақша сомасын анықтауды және қайталама шығарындылар коэффициенттерін қолдануды қамтитын шығыстарға негізделген әдіс.

Қоғам есептеуді қашықтыққа негізделген әдіске сәйкес жүргізеді.

1-формула.

**көлік құралының түріне байланысты жүріп өткен қашықтық (көлік құралы – км)
× көлік құралы шығарындыларының үлес коэффициенті (көлік құралының
gCO₂e/км немесе гCO₂) = пойыздарда, ұшақтарда, сондай-ақ жалға алынған
автомобильдерде сапарлардан (іссапарлардан) CO₂ шығарындылары**

Есептеу үшін келесі коэффициенттер қолданылады:

Бағыт	Шығарындылар коэффициенттері, TTW gCO ₂ e/км
-------	---

	Әуе	Т/Ж	Авто
Ішкі	116	21,7	180
Халықаралық	77	-	-

Дереккөз: EIB Project Carbon Footprint Methodologies.

*TTW отын жеткізуден бастап дөңгелектерге энергия тасымалдауға дейінгі барлық оқиғалар тізбегін ескере отырып, көлік құралының жүріп өткен жолының әр километріне шығаратын көмірқышқыл газының эквивалентінің грамм көлемін білдіреді.

5-тарау. ПГ жанама энергетикалық шығарындылары (SCOPE 2)

16. Scope 2 ПГ шығарындыларын бағалау Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 55а мекенжайы бойынша кеңседе орналасқан Қоғам қызметі шеңберінде және Алматы қаласындағы өкілдік үшін жүргізіледі.

17. Scope 2 шеңберінде электр және жылу энергиясын тұтынудан шығарындылар санмен бағалауға жатады. Мұндай шығарындылар Қоғам қызметінің салдары болып табылады, бірақ іс жүзінде оған тиесілі емес көздерден, атап айтқанда жану орын алатын электр станцияларынан келеді.

N₂O және CH₄ шығарындыларын бағалау жүргізілмейді, себебі жылу электр желілері үшін бұл газдардың жалпы шығарындылары CO₂ шығарындылары массасының үлесінен аспайды.

18. Электр және жылу энергиясын тұтынудан шығарындыларды есептеу формулалары.

Scope 2 есептеу үшін Хаттамада екі әдіс көзделген: орналасуға негізделген әдіс (local – based) және нарықтық әдіс (market – based). Қоғамның қызмет түріне сәйкес Әдістемеде тікелей және жанама энергия шығарындыларының есебін жүргізудің «local-based» әдісін қолдану керек. Бұл әдіс энергияны тұтыну орын алатын белгілі бір аймақ шегінде энергия өндірудегі шығарындылардың орташа қарқындылығын көрсетеді.

Есептеу формуласы:

2-формула.

Қоғам тұтынатын электр/жылу энергиясы × аймақтағы 1 кВт/сағ немесе Гкал шығарындылар коэффициенті = электр және жылу энергиясын тұтынудан CO₂ шығарындылары

Аймақтағы 1 кВт/сағ немесе Гкал-мен ПГ шығарындысын есептеу үшін «EIB Project Carbon Footprint Methodologies» (Жобаларының көміртек іздерінің әдіснамасы, https://www.eib.org/attachments/lucalli/eib_project_carbon_footprint_methodologies_2023_en.pdf) әдістемесі қолданылады, ол ПГ шығарындыларын есептеуге болатын бірқатар шығарындылар коэффициенттерін ұсынады. Төмендегі кестеде ұлттық электр желілері үшін бес түрлі мән берілген.

Есептеу кезінде Қоғам мен оның Алматы қаласындағы өкілдігі бүкіл ғимаратқа иелік етпейтінін, бірақ орынжайлардың бір бөлігін жалға алатынын ескеру қажет және келесі формула бойынша есептеледі:

2.1-формуласы

(Қоғам орынжайларының ауданы ÷ ғимараттың жалпы ауданы) × ғимараттың жалпы электр энергиясын тұтынуы = Қоғам пайдаланатын кВт/сағ

Электр және жылу энергиясынан ПГ шығарындыларының коэффициенттері

гCO₂/кВт/сағ-тағы шығарындылар коэффициенттері

(CO₂-ге қатысы жоқ парниктік газдардың әсері, шамалы. Есептеу мақсатында төменде келтірілген коэффициенттерді CO₂е ретінде қарастыруға болады)

Ел/ аумақ/ арал	Электр энергиясын аралас өтімді мерзімді өндіру	Электр энергиясын тұрақты өндірудің жиынтық маржасы/элек тр энергиясын тұтыну	Электр энергиясын тұтыну/желіде гі шығындар Жоғары вольтты тор +2%	Электр энергиясын тұтыну/желіде гі шығындар MV торы +4%	Электр энергиясын тұтыну/желіде гі шығындар Төмен вольтты тор +7%
Қазақстан	698	532	543	554	569

Дереккөз: EIB Project Carbon Footprint Methodologies.

6-тарау. SCOPE 3 шығарындылары

19. Scope 3 ПГ шығарындыларын бағалау Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 55а мекенжайы бойынша кеңседе орналасқан Қоғам қызметі шеңберінде және Алматы қаласындағы өкілдік үшін жүргізіледі.

20. ПГ шығарындылары санаттарының қабылданған жіктемесіне сүйене отырып келесі дереккөздер анықталды:

1) қызметкердің жеке көлік, автобус, такси сияқты ұйымға жатпайтын көлік құралдарында жұмысқа сапарлары;

2) пойыздар мен ұшақтарда іскерлік сапарлар (іссапарлар);

3) Қоғам басшылығы мен жұмысшылардың іскерлік сапарлары (жалға алынған автомобильдер).

21. Қоғам қызметкерлерінің сапарларынан ұйымға тиесілі емес көлік құралдарында жұмыс орнына дейінгі шығарындыларды есептеу формулалары.

Бұл санатқа жұмысшыларды үйлері мен жұмыс орындары арасында тасымалдауға байланысты шығарындылар кіреді. GHG Protocol Scope 3 Guidance нұсқаулығының 7-санатына («Employee Commuting») жатады.

Жұмысшылардың жұмысқа баруына байланысты шығарындылар:

1) жеке автокөлікпен жүру;

2) автобуспен жүру;

3) басқа көлік түрлерімен жүру (мысалы, теміржол, ұшақтар, метро, велосипедпен жүру, жаяу серуендеу).

Осы санатты есептеу үшін Хаттамада мынадай әдістер көзделген:

1) жұмысқа жол жүру кезінде тұтынылатын отын мөлшерін анықтауды және отынның осы түрі үшін тиісті шығарындылар коэффициентін қолдануды қамтитын отынды пайдалануға негізделген әдіс;

2) жұмысшылардан жұмысқа жол жүру сипаты туралы деректерді жинауды (мысалы, жүріп өткен қашықтық және жол жүру үшін қолданылатын режим) және пайдаланылған режимдер үшін тиісті шығарындылар коэффициенттерін қолдануды қамтитын қашықтыққа негізделген әдіс;

3) жұмысшылардың жұмысқа баруы нәтижесінде шығарындыларды жұмысқа барудың сипаты туралы орташа мәліметтер негізінде бағалауды көздейтін орташа деректер әдісі.

Қоғам келесі формула бойынша орташа мәндерді әдіске сәйкес есептейді:

3-формула.

**қызметкерлердің жалпы саны × көлікті пайдаланатын қызметкерлердің % × бір
жаққа жүрілетін жол (көлік құралының км немесе жолаушы ретінде км) × 2 ×
жылдағы жұмыс күндерінің саны × көліктің осы түрі үшін шығарындылар**

коэффициенті (көлік құралының gCO₂e/км) = қызметкерлердің ұйымға тиесілі емес көлік құралдарында жұмысқа баруынан CO₂ шығарындылары

Ол үшін Қоғамның халықаралық ынтымақтастығына жауапты құрылымдық бөлімше есептеу үшін қажетті деректерді ұсына отырып, штаттық қызметкерлер үшін сауалнама жібереді.

Сауалнама үлгісі осы Әдістемеге 3-қосымшада ұсынылған.

Есептеу үшін шығарындылар коэффициенттері

Жеке автокөлік үшін шығарындылар коэффициенті, көлік құралының gCO ₂ e/км	180
Автобустар үшін шығарындылар коэффициенті, көлік құралының gCO ₂ e/км	97
Такси үшін шығарындылар коэффициенті, көлік құралының gCO ₂ e/км	128

Дереккөздер: EIB Project Carbon Footprint Methodologies.

22. Пойыздар мен ұшақтарда, сондай-ақ жалға алынған автомобильдерде сапарлардан (іссапарлардан) шығарындыларды есептеу формулалары.

Іскерлік саяхатқа байланысты шығарындылар GHG Protocol Scope 3 Guidance басшылығының 6 «Business Travel» санатына жатады және мыналардан туындайды:

1) әуе сапарлары;

2) темір жолмен жүру;

3) автобуспен жүру;

4) автокөлік сапарлары (мысалы, жалға алынған автомобильдермен немесе жұмысшыларға тиесілі көліктермен іссапарлар, жұмысшылардың жұмысқа және кері сапарларын қоспағанда);

5) қозғалыстың басқа түрлері.

Есептеу кезінде 1-формула қолданылады.

7-тарау. Қорытынды ережелер

23. Әдістемеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен енгізіледі.

24. Қоғамның халықаралық ынтымақтастығына жауапты құрылымдық бөлімше оны өзектендіру тұрғысынан Әдістемеге тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

25. Әдістеме Қоғамның корпоративтік Интернет-ресурсында жариялау үшін міндетті.

*«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі»
акционерлік қоғамының Парниктік газдар
шығарындыларын есептеу әдістемесіне
1-қосымша*

20 жылғы CO₂ шығарындылары бойынша кесте нысаны

Қамту аймағы 1	1. _____ tCO ₂ e (жұмысшылар мен басшылыққа қызмет көрсету үшін қызметтік машиналарды пайдаланудан).
Аралық қорытынды	_____ tCO ₂ e
Қамту аймағы 2	1. _____ tCO ₂ e (сатып алынатын электр энергиясынан); 2. _____ tCO ₂ e (сатып алынатын жылу энергиясынан); 3. _____ tCO ₂ e (суды тұтыну мен жылытудан).
Аралық қорытынды	_____ tCO ₂ e
Қамту аймағы 3	1. _____ tCO ₂ e (жұмысшылардың сапарлардан жеке және қоғамдық көліктерде жұмыс орнына дейінгі шығарындыларын бағалау); 2. _____ tCO ₂ e (теміржол сапарларынан); 3. _____ tCO ₂ e (әуе сапарларынан); 4. _____ tCO ₂ e (іссапарлар үшін жалға алынған автокөлік бірліктерін пайдаланудан); 5. 17 tCO ₂ e (қызметкерлерді таңертең және кешкі тасымалдау үшін жалға алынған автокөлік бірліктерін пайдаланудан); 6. 1,1 tCO ₂ e (басшылық пен қызметкерлерге қызмет көрсету үшін жалға алынған көлік құралдарын пайдаланудан).
Аралық қорытынды	_____ tCO ₂ e
Барлығы (1, 2 және 3 қамту облыстары шығарындыларының жиынтығы)	_____ tCO ₂ e

Күні: 06.12.2024 12:56:04. ЭҚЖ нұсқасы: SimBASE4. ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі.

GHG Protocol бойынша Scope 1, Scope 2, Scope 3 жіктелуі

Scope 1

Ұйымға тиесілі немесе бақыланатын дереккөздерден тікелей шығарындылар. Бұл шығарындылар әртүрлі дереккөздерден алынуы мүмкін, соның ішінде:

- жылыту, электр энергиясын өндіру және көлік үшін отынды жағу;
- өндірістік процестердің ұшпа шығарындылары;
- сұйытылған табиғи газды (СТГ) шығару және жағу;
- ауыл шаруашылығы қызметінен N₂O шығарындылары.

Scope 2

Сатып алынған энергия өндірісінің жанама шығарындылары:

- сатып алынған электр энергиясы;
- сатып алынған бу, жылу және салқындату.

Scope 3

1) **Тасымалдау және жоғары және төмен тарату:** бұл санатқа тауарлар мен қызметтерді жеткізу тізбегі бойынша тасымалдаудан, шикізат өндіруден бастап тұтынушыға түпкілікті жеткізуге дейінгі шығарындылар кіреді;

2) **Іскерлік сапарлар:** бұл санатқа әуе сапарлар, пойыз сапарлары және автокөлік сапарлары сияқты жұмысшылардың қызметтік сапарларынан шығарындылар кіреді;

3) **Қалдықтар:** бұл санатқа көму, жағу және қайта өңдеу сияқты қалдықтарды жоюдан шығарындылар кіреді;

4) **Күрделі тауарлар:** бұл санатқа машиналар мен жабдықтар сияқты күрделі тауарларды өндіру мен тасымалдаудан шығарындылар кіреді;

5) **Жалға алынған активтер:** бұл санат көлік құралдары мен кеңсе орынжайлары сияқты жалға алынған активтерді пайдаланудан шығарындыларды қамтиды;¹

6) **Жұмысшылардың жұмысқа баруы:** бұл санатқа жұмысшылардың жұмысқа және жұмыстан жүру жолдарынан шығарындылар, мысалы, автомобиль сапарлары мен қоғамдық көліктерден шығатын шығарындылар кіреді;

7) **Сатылған өнімдер мен қызметтерді өндіру және қайта өңдеу қызметі:** бұл санатқа компанияның өнімдері мен қызметтерін өндіруге және пайдалануға байланысты жеткізушілер мен тұтынушылардың қызметінен шығарындылар кіреді;

8) **Сатылған өнімдер мен қызметтерді қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін өңдеу:** бұл санатқа қайта өңдеу, жағу және көму сияқты пайдалы пайдалану соңында өнімдер мен қызметтерді кәдеге жаратудан шығарындылар кіреді;

9) **Сатып алынған тауарлар мен қызметтер:** бұл санатқа кеңсе тауарлары, азық-түлік және коммуналдық қызметтер сияқты өнім берушілерден тауарлар мен қызметтерді сатып алудан шығарындылар кіреді;

10) **Франшиза үшін төлем:** бұл санатқа бас компанияның франшиза төлемінен шығарындылар кіреді;

11) **Сақтандыру жарналары:** бұл санатқа мүлікті сақтандыру және жауапкершілікті сақтандыру сияқты жарналарды төлеуден шығарындылар кіреді;

12) **Маркетинг және жарнама:** бұл санатқа жарнамалық қалқандар, теледидарлық жарнамалар және баспа жарнамалары сияқты маркетингтік және жарнамалық материалдарды өндіруден және таратудан шығарындылар кіреді;

¹ Бұл Әдістемеді жалға алынған автокөліктің шығарындылары Scope 1-де көрсетіледі, себебі Қоғам басшылыққа қызмет көрсету үшін автокөліктің маршруттары мен жүру кестесін бақылайды.

13) **Жалдау ақысы:** бұл санатқа кеңсе орынжайлары, қойма орынжайлары және басқа да орынжайлар үшін жалдау ақысының шығарындылары кіреді;

14) **АТ қызметтері:** бұл санатқа деректерді өңдеу орталықтары және бұлтты есептеу сияқты АТ қызметтерін пайдаланудан шығарындылар кіреді;

15) **Басқасы:** бұл санатқа басқа санаттарға кірмейтін кез келген басқа қызметтен шығарындылар кіреді.

«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі»
 акционерлік қоғамының Парниктік газдар
 шығарындыларын есептеу әдістемесіне
 3-қосымша

**«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы
 қызметкерлерінің жұмыс орнына баратын бағыты мен тәсілі бойынша сауалнамасы**

	Құрылымдық бөлімше	Қызметкердің аты-жөні	Меншікті автокөлік		Қоғамдық көлік (үйден жұмыс орнына дейінгі шамамен километр)	Такси (үйден жұмыс орнына дейінгі шамамен километр)	Жұмыс орнына дейін және кері тасымалдау (иә/жоқ)	Жұмыс орнына дейін жаяу (үйден жұмыс орнына дейінгі шамамен км)	Ескертпе
			Үйден жұмыс орнына дейінгі шамамен километр	Автокөлік маркасы, тұтынылатын отын					
1									
2									
3									
4									
5									

Күні: 06.12.2024 12:56:04. ЭҚЖ нұсқасы: SimBASE4. ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Келісу парағы

Жоба бойынша: «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі.

Әзірлеуші: «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Халықаралық ынтымақтастық департаменті.

ІНҚ иесі: «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Халықаралық ынтымақтастық департаменті.

Лауазымның атауы	Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты	Қол қойылған күні	Қолы
Басқарма төрағасының орынбасары	А.Е. Бектыбаева		
Басқарушы директор	А.А. Лукина		
Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры	А.Ж. Бекбасова		
Адами ресурстарды басқару және ұйымдастыру қызметі департаментінің директоры	А.К. Кенесова		
Комплаенс-қызметінің басшысы	А.С. Жакаева		
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Л.Г. Шабарбаева		
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры	С.К. Нурмухамбетов		
Жобалық басқару және ақпараттық технологиялар департаментінің директоры	М.С. Туякбаев		
Орнықты даму жөніндегі менеджер	Н.Б. Абенова		

Басқарма төрағасының орынбасары



А.Е. Бектыбаева

Басқарушы директор

(Жобалық кеңсе)



А.А. Лукина

Департамент директоры



А.К. Кенесова

Департамент директоры



Л.Г. Шабарбаева

Департамент директоры



С.К. Нурмухамбетов

Бас менеджер - Қоғамдық кеңестің
хатшысы



Ф. Исанова

Департамент директоры



М.С. Туякбаев

Комплаенс-қызметтің басшысы



А.С. Жакаева

Бас комплаенс-бақылаушы



Б. Туменбаев

Департамент директоры



А.Ж. Бекбасова (м.а.
Д.Г. Токаев)

Орнықты даму жөніндегі менеджер



Н.Б. Абенова